

1. ГТҚ –дағы регенератордың атқаратын міндеті
  - A) араластырғыш міндетін атқарады
  - B) шығар газдардың жылуын пайдалану - жану камерасында ауаның салқындауына әкеледі
  - C) турбинадан шығар газдардың жылуын жану өнімдеріне береді
  - D) шығар газдардың жылуын пайдалану - жану камерасында ауаның қызуына керек жылуды азайтады
  - E) жылуалмастырғыш міндетін атқарады
  - F) салқындатқыш міндетін атқарады
  - G) турбинадан шығар газдардың жылуын компрессорда сығылатын ауаға береді
2. Турбина арқылы өтетін таза бу шығыны төмендегі параметрлерге тәуелді
  - A) сорғы мен жұмыс қалақшаларының өлшемдеріне
  - B) сорғы мен жұмыс қалақшаларындағы будың жылдамдығына
  - C) сатының пайдалы әсер коэффициентіне
  - D) таза бу параметрлеріне
  - E) будың бірлік қуатына
  - F) өңделетін бу параметрлеріне
  - G) будың жылулық шығындарына
3. Қатты отындарды жағу кезінде
  - A) отынның тұтқырлығы азаяды
  - B) кокс құрылымы пайда болады
  - C) оксидтердің шығарылуы азаяды
  - D) күл белгілі температурада балқиды
  - E) отынның тығыздығы төмендейді
  - F) тұтану температурасы артады
  - G) ұшпа заттар шығарылады
  - H) күлдің шығарылуы кемиді
4. Сығымдағыштардағы жұмыстың саны реттеледі
  - A) сығымдағыштың сорушы және қысымдаушы бөліктерінде дросселдену процесін қолдану арқылы
  - B) қосымша өткізуді (байпастау) орындау кезінде
  - C) жоғары берілген судың біраз мөлшерін төменгі бетке жіберу кезінде
  - D) бағыттаушы аппарат қалақтардың жұмыстық дөңгелекке қосылу бұрыштары арқылы
  - E) жұмыстық дөңгелек енін өзгерту барысында
  - F) жұмыстық дөңгелек қалақтарының орналасу бұрышын өзгерту негізінде
  - G) жұмыстық дөңгелектің айналу жиілігін өзгерту нәтижесінде

5. Іштен жану қозғалтқышының индикаторлық, техника-экономикалық көрсеткіштері
- будың меншікті көлемі
  - будың индикаторлық температурасы
  - индикаторлық жұмыс
  - индикаторлық қуат
  - орташа индикаторлық қысым
  - будың индикаторлық шығыны
6. Газ үрлеуіш машинасының ерекшеліктері
- қысымды жоғарылату еселеуіші 3,0 ке дейін
  - қысымды жоғарылату еселеуіші 3,0 тен жоғары
  - сығылған газ сатылары арасында салқындатылады
  - машина арналары ауамен немесе сумен салқындатылады
  - қысымды жоғарылату еселеуіші 1,15 тен 3,0 дейін
  - машина арналарында салқындатқыштар болмайды
7. Іштен жану қозғалтқышының индикаторлық, техника-экономикалық көрсеткіштері
- $B = \frac{N_i}{Q_{ii}^e \eta_i}$
  - $\eta_i = \frac{N_i}{Q_1}$
  - $N_e = N_i - \sum \Delta N_{\text{мех.шығын.}}$
  - $\eta_{\text{мех}} = \frac{N_e}{N_i}$
  - $L_i = p_i V_h$
  - $N_i = \frac{Z}{\tau} L_i n_0$
8. Газ турбиналарының бу турбиналарынан ерекшелігі
- бу турбинасындағы будың максимал температурасы газдың максимал температурасынан төмен болады
  - газ турбинасы арнайы күтуді қажет етпейді
  - газ турбинасына қызмет көрсету жеңіл
  - газ турбинасының құрылысы қарапайым
  - газ турбиналары газдың ең жоғары температураларында жұмыс жасайды
  - газ турбинасының қалақшалары және жану камерасының элементтері салқындатылатын болады
9. Тура ағынды қазандықтардың ерекшелігі
- айналым саны бірге тең
  - су айналымы бар
  - төмен түсіру құбырлары бар
  - будан суды бөлудің қажеті жоқ
  - барабан болмайды
  - жоғары көтерілу құбырлары бар

10. Турбинаның негізгі бұйымдары жасалатын материалдар

A) текстолит

B) пластмассалар

C) әртүрлі қорытпалар (титан)

D) резина

E) алюминий қорытпалары

F) қола

G) шойын (ақ, сұр, соғылмалы, аса берік)

H) көмірсутекті және легіріленген болаттар